	5-таяқшаны алдыға созып ұстау. 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2-сол аяқты оның қасына алып келу. 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау. 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2-оңға иілу. 3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Бата беру Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Ықыласпен қол жайсаң, Көп тілекті төгейін. Дастарханың мол болсын, Уайым қайғың жоқ болсын. Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын. Әумин.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жабайы аңдар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: жабайы аңдар, адамның жануарларды күту жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: С. Бегалин, Р. Киплинг әңгімелері; Т. Дәуренбеков "Көжек", Н. Сералиев "Тәртіпсіз лақ", М. Дулатов "Үй хайуандары", А. Байтұрсынов "Жыланның басы мен құйрығы". "Күй күмбірі": "Аққу" - Н.Тіленді (орындаған Айгүл Үлкенбаева) https://kitap.kz/music/2/aygul-ulkenbaevanyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Тақырыбы: «Адалдық алаңы». Мақсаты: балаларда адалдық ұғымын қалыптастыру, оның не екенін және не үшін маңызды екенін түсіну. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге , өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Санамақтар айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту. Қасқыр қақты қақпаны.	"Қажетті киімді ал" ойын-жаттығуы. (таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.	Сәлемдесу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда	«Суреттерді орналастыр» ойыны. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы	«Көзіңді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті

	- Ашыңдар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар, Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына керует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде?	Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киімді таңдау. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Бала санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.	достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін!	орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі". Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. **Сауат ашу негіздері** Т, У, Ш дыбыстарын қайталау. Дыбыстық талдау. Мақсат-міндеттері. Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Дене тәрбиесі** "Мен епті баламын" пысықтау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Қазақстан табиғатын қорғайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстандағы жануарлар әлемі жөнінде білімдерін тиянақтау; еліміздегі және өзге жерлерде мекен еткен жануарлардың тіршілік ерекшеліктері жыл мезгілдерінде құбылыстарға байланысты екенін түсіндіру; Қазақстанның Қызыл кітабына	**Көркем әдебиет** "Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» әңгімесін оқу" Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» атты шығармасымен таныстыру; мағынасы ұқсас және мәні қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсіндіру, оларды сөйлеуде қолдануға машықтандыру; әңгіменің негізгі идеясын түсінуге, қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі араздық пен татулық, бірлік туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; өз ойларын еркін жеткізуге, ойды дәлелдей алу біліктерін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; ұйымшыл болуға тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау. **Математика негіздері** "Жабайы аңдардың санын қалай Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм	**Сауат ашу негіздері** "[ш] дыбысын қайталау". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысын айтуды үйрету, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту, жаздыру. **Математика негіздері** "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" Балалардың ұғымында «жеті» саны мен цифры туралы түсініктер қалыптастыру, оны тану, дұрыс атай білу іскерлігін жетілдіру. Жетіге дейін жылдам түрде тура және кері санауға жаттықтыру; көру, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға, мейірімділікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Мергендікті шыңдайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету. **Қазақ тілі**	**Көркем әдебиет** «Жұлдыздың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйрету. Ертегі мен әңгімені ажыратуды түсіндіру. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ертегі арқылы достыққа, адалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу. **Музыка** "Ертегілер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету. **Мүсіндеу** "Күзгі саябақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін	. **Сауат ашу негіздері** "[ш] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысымен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Ұшақ туралы әңгімелер". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлерінің қызметі туралы білімдерін тиянақтау; алғашқы ұшақ қалай пайда болғаны жайлы тарихтан білім беру арқылы балалардың өнертапқыштық қасиеттеріне жол ашу; ойын ойнату арқылы көліктің түрлерін тануды бекіту. **Математика негіздері** "Жабайы аңдардың санын қалай санаймыз? (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «жеті» саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атау білігін дамыту. «Жеті» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «алты» мен «жеті» сандарының көрнекілік

	енген жануарлар туралы түсініктерді қалыптастыру.	салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйретуді пысықтау. санаймыз?" Балалардың ұғымында жеті саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру. Жеті жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «6» мен «7» сандарының көрнекілік негізінде, заттарды бір-біріне беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; жабайы табиғат және ғарыш әлемі, кеңістік ұғымдарын жетілдіру; логикалық ойлау қабілетін дамыту; табандылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. **Музыка** "Музыкалық сағат". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету. **Дене тәрбиесі** "5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқты лақтыру" Мақсат-міндеттері. Балаларға 5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыруды үйрету.	Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-к], [-ғ] дыбыстары және Қ қ, Ғ ғ әріптерімен таныстыру. Қ қ, Ғ ғ әріптерін ауада жазып көрсету; [-к], [-ғ] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-к], [-ғ] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-ғ] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту.	түсіндіру; мүсіндеу техникаларын жетілдіру. **Қазақ тілі** Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі. Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру; қала мен ауылдың көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін үшке (жер, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, карттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.	негізінде, заттарды бір-біріне беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; «жеті ата» шежіресі туралы, Қазақстанды мекендейтін жабайы аңдар туралы түсініктерді бекіту; логикалық ойлауды дамыту; Отанға сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. **Тіл дамыту** "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау
2-ші таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде жүру ережелеріне баса назар аудару. Тәрбиеші көшедегі жағдайды өзі таңдайды. 4. Балалар өздері киінеді. Тәрбиешінің немесе басқа баланың көмектесуіне болады. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Күзгі ауа райын бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Қарғаны бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті,	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Итті бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Сауысқанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-	Қайың мен шетенді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-

	әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. күз мезгіліндегі тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Балаларға жан-жағына қарап, айналаны бақылап, күздегі және бүгінгі ауа райының күйі туралы айтуды ұсыну. Күз — Қалқаман Сарин Күңіренген, күрсінген күздің ауыр, Мінезіне үйренген біздің ауыл. Бұйра шаңын көтеріп қырат-қырдың, Берекесін бір сәтте бұзды дауыл. *** Жер тәуелді күн-патшайымына, Адам, аң, құс қуанады күннің әрдайымына. Жер бетіндегі тіршілік мәңгі байланысты Оттай күннің әсерлі салмағына. Жасасын күннің ғажайып жарығы! Жасасын Күн мен Жердің мәңгі татулығы! (Д.Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: үлеске еденіне түскен ұсақ қоқыстарын жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-	танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне қызығушылықтарын арттыру. Қарға Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса, қор болар, Бұтаға келіп қорғалар. Қысып кетсе сары аяз, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Қапелімде қолға алар. Екі шоқып бір қарар, Деп «жолымды аңғарар». «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында	іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, мән-мағынасын түсінуге, есте сақтауға, сөйлеуде қолдануға көмектесу. Балалар иттің сыртқы ерекшеліктерін, қимылдарын байқап, айтып болған соң, адам итті не себептен асырайтынын сұрау; итке қамқорлық жасағанда белгілі тәртіпке бағыну ережелерін талқылау, жауапкершілік туралы ескерту. Халық аузында ит туралы айтылатын мақал-мәтелдермен танысу, мағынасын түсіну. Иттің құны – бір күшік. Итін жамандасаң, Иесіне тиеді. Иттің жатқан жері – төсегі. Ит арық болса Ауылдың намысы. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру.	қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Тұманбай Молдағалиев "Құстар" (үзінді) Алманы қарға шоқиды, Көккұтан кітап оқиды. Ұшып кеп ағаш басына, Ала сауысқан қоқиды. Кеңесжан Шалқаруұлы "Сауысқан" Ала қанат сауысқан, Қырда ұшқан, Тауда ұшқан. Шықылықтап жүріп бұл, Жер сырына қанықкан. Ұстап алып шартымен, Бақыласаң әр күн сен, Саған пайда береді, Қоректеніп алтынмен. Сөйтіп, әлгі қанатты, Алтын кенін табады. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.	әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайың, шетен ағаштары, туралы білімдерін тиянақтау; суық түскен кезеңдегі ағаштарға тән белгілерді атауға, сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсінуге көмектесу; жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, адам, құстарға пайдалары туралы қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,

	әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту. "Бос орын" қимыл-қозғалыс ойны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа аттап секіру, жылдам жүгіру қимылдарын жетілдіру; ойын ережесіне ойнай білуді, шапшаңдықты, жылдамдықты, ептілікті дамыту. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы	қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: аяқтың ұшымен жүру. Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту.	"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: – Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Лақтыр да, ұстап ал".	"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді	дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен – түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. «Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартын бұзбай (доппен) ойнауға, жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала «аңшы» болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар – «қояндарды» сомдайды. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.

	40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, еңбектеу жаттығулары.		Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту.	(жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Бата беру Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Ықыласпен қол жайсаң, Көп тілекті төгейін. Дастарханың мол болсын, Уайым қайғың жоқ болсын. Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын. Әумин.				
Күндізгі ұйқы	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. «Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Айдаһардың апаны» ертегісін тыңдату.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастылы). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру".				
Бесін ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет) Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануды, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; өршіл көзқарас (оптимизм) сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар. 1. Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады. 2. Бітер істің басына, Жақсы келсін қасына. 3. Жақсының қадірін жақсы білер. 4. Жақсы қыз – жағадағы құндыз, Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын айтуы мүмкін: "Жаяу жүріп, жұмыстан	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Күзгі саябақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру. Дидактикалық ойын. "Не артық?" (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. «Экологиялық тәрбие», «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	**Вариативка** Жыл құстары. Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Дәптердегі тапсырмаларды орындату арқылы өз бетімен жұмыс жасауға баулу. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасап үйрету Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендейді?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер. Ойынның бірнеше нұсқасы бар.	Дамытушы жаттығу. "Шапшаңдар сайысы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Құралдар: құстардың суреттері. Шарты. Жұмбақты шешкен балалар өздері атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды. Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы.) Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна.) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі.

	қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң, ауырмайсың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". «Экологиялық тәрбие». Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері туралы ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулардың үлгілері.. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады:	кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екенін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз қалауларына қарай таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында, педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже -	Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғап (перчаткалар); емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. "Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті) Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру; эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру. Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату. Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау.	1-нұсқа. Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу. Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру. 2-нұсқа. Өздік ойын түрінде өткізу. Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануардың дауысын естіп, мекендейтін орнын атау. Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет. Экологиялық тәрбие», «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; ойын шарты бойынша қызмет үшін	(Жұлдыз.) Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ.) Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан.) Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға.) Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды. Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа"

	адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмек беріп, қорғану керек.	тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.		жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру.	мысалы қойылымына қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш.
Балалармен жеке жұмыс	Үстел үсті ойындары. "Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; үйлесімді сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Төлеу Шахановтың тақпақтары. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. "Тиін" "Аңдып тұрған жау жоқ па?"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап?	«Суреттерді орналастыр» ойын-жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға, олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	Көркемсөзді мәнерлеп оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Д.Ахметова "Кірпіжан". Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? - Жолым көп, жолым көп, Қоректі іздеймін. Қорек көп, қорек көп Тауып алып жеймін.	Көркемсөзді мәнерлеп оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Жүсіп Қыдыров "Қасқыр". Көрдіңіз бе, әне, аға, Атам қуған арланды! Түнде шауып қораға Дүркіреткен бар малды. Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	«Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Көгершіндерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Торғайдың суық мезгіліндегі тіршілігін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы	«Қауіпсіздік». Мысықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мысықтың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді,

	құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн ерте бататынын байқату. Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы жүзімен, Күн сайын ол қоштасады құзымен. Түн кезегін күманданбай береді, Таң атқанша жауап сұрап келеді: – Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді? Жарығың боп мен бастайын күніңді. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.	тәрбиелеу. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту. - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам шеңбер бойымен жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек»	тәрбиелеу. Көгершіннің сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, пайдасын білуге ынталандыру, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. "Көгершін". Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін, Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін. Сөйтіп, қолға үйренсін. Бұл есті құс тіл алғыш Үйренген соң көрерсің. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жас ағаштардың тамырларын қармен қымтап жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды,	туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың мекендеу орны (бақша, бақ), қозғалу тәсілі туралы бекіту. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды" Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартын бұзбай (доппен) ойнауға, жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу дағдыландыру; мергендікке,	жүгіреді, секіреді); қоректенеді (етпен); қоршаған ортаны көз, мұрын, құлақ көмегімен сезе білетінін анықтау; сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; қамқорлыққа тәрбиелеу. Жануарларды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндіру. Көркем сөз. "Мысық". Б. Соқпақбаев Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)

	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен – түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. «Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту.	(дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.	ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.	дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала «аңшы» болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар – «қояндарды» сомдайды. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері)	Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: серуенге шығарылған ойын жабдықтарын жинау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ойыншықтар мен заттар адамның еңбегі нәтижесінде пайда болатынын ескерту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Бата беру Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Ықыласпен қол жайсаң, Көп тілекті төгейін. Дастарханың мол болсын, Уайым қайғың жоқ болсын.				

	Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын. Әумин.				
	- Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртында). - Төменде - (Жоғарыда). - Ортасында - (Шетінде). - Таязда - (Тереңде). - Солтүстікте - (Оңтүстікте). - Шығыста - (Батыста). - Жақында - (Алыста). - Оң жақ - (Сол жақ). - Артында - (Алдында). - Басында - (Аяғында). - Соңында - (Басында). Құрастырудан ойын-жаттығулар "Қысқы ағаш" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорттық жаттығу залы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.	(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемокарточкалар. Шарты. Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тақпақтарды кезекпен айтып бере алады. Мысалы, А. Асылбековтің өлеңіне көңіл аударуға болады. Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген . Қандай қызық қыс деген? Бәрін шебер істеген. Жерде, үйде, тауларда, Боялған ақ түспенен. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Соңында педагог балалармен бірге	дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Мен және менің қауіпсіздігім" ой түзеу сәті. Мобильді құрылғы. Балалардың мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу туралы ақпараттарды тиянақтау; күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану маңызды екендігіне қарапайым өмірдегі мысалдар арқылы көз жеткізу; көз пікірін білдіруге үйрету; өз қауіпсіздігі үшін алғашқы жауапкешіліктерді түсінуге көмектесу. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.	Ақша туралы бастапқы түсініктер: -ақша белгілерімен таныстыру (монеталар, купюралар — олардың мөлшері, түсі, сандық мәні, бейнелері); -ақша не үшін қажет екенін түсіндіру — айырбастау құралы; -ақшаға не сатып алуға болатынын және не сатып алуға болмайтынын талқылау (достық, денсаулық және т.б.) арқылы қалыптастыру қажет. Балаларға ақшаны тек қана көрсетіп қоймай, оны ересектер еңбек етіп табатынын, сондықтан оның құнды екенін түсіндіру. Ақшалардың суретін жапсыру, монеталарды номиналы мен түсі бойынша іріктеуге арналған тапсырмалар беру. Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген	Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. “Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен… Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа"

		қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.		карточкалар. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.	мысалы қойылымына қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш.
Балалармен жеке жұмыс	Көркемсөзді мәнерлеп оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жаңылтпаш айту өнеріне баулу. Жаңылтпаштар айтқызу. Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ.	"Ненің құйрығы?" ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б.) "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б.	"Сәйкесін тап"ойыны. (танымдық дағдылар) Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Мақал-мәтелді жаттау жаттығуы. Қыс мезгілі (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың мақал-мәтелдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған өлеңдерді (мақал-мәтелдерді) жаттауда, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Жазда жайлауды же, Қыста қойнауды же. Биік таудың басы қыс, Баурайы жаз. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр- Жерге жауған нұр.	Дайын суретті бояу тапсырмасы. (шығармашылық іс-әрекет) Міндеттер. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (Қыс мезгілі) (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемокарточкалар.	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	«Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайың ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; қайыңға тән белгілерді атауға ынталандыру; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу.	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту. Сауысқан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету. Зерттеу. Балабақша алаңынан құстардың іздерін іздеу. Марат Нұрқалиев Қарға, қарға, қарғалар... – Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар,	Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; балаларға желді бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық	«Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, қарағайдың ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; қарағайды тірі табиғат түрі көріп, оның суық мезгілде қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын, суыққа төзімді екендігін байқату. Қарағайдың адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту;	«Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары), жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтауға ынталандыру. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің,

	Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.	Қайда барып қайттыңдар, Не көрдіңдер, айтыңдар! «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңіл бөлу. Құстарды қоректендіруге арналған жәшіктер әзірлеу, ата-аналар келеген кезде жәшіктерді ағаштың басына ілу. Құстар мен балалардың қауіпсіз арақашықтығын қадағалау, ережелер жайында ескерту. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Арқан тарту» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; физикалық қасиеттерді: күшті, шыдамдылықты, икемділікті,ептілікті дамыту; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.	жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың мысалы жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: серуенге шығарылған ойын жабдықтарын жинау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ойыншықтар мен заттар адамның еңбегі нәтижесінде пайда болатынын ескерту, ұқыптылыққа тірбиелеу. "Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен – түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. "Жалаушаны қағып кетпе" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Нысандарды құлатпай, олардың арасында "жыланша" секілді жүруді жалғастыру; қимылдарды үлестіруге баулу, зейін мен бақылауды дамыту.	экологиялық білім негіздерін қалау. Мүбәрәк Жаманбалинов "Қарағай" Жаз жасылға оранған Қыс та ән қосқан дауылға Бір қарағай орманнан Әкелінді ауылға. Тақтай етіп тілді де, Жонды ұста сүргілеп. Төрімде енді тұр міне Шкаф болып сырлы көк Достарынан бақытты, Өкіліндей орманның. Құшағына алыпты Көсемдердің томдарын. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: қарлы жолдарды сыпыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруды және тазалауды үйрету. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.	Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. – Балалар, жол ережесін қарастырғанда жол қозғалысы кезінде, көшеде біз қалай аталамыз? – Жүргіншілер жүретін жеке жолдар бар ма? Атасаңдар. – Көліктер жүретін жолды қалай атаймыз? – Егер жүргіншіге жолдың арғы жағына өту керек болса, не істеу керек? «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. "Нысанаға тигіз" қимыл-қозғалыс жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.

Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. «Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемдеп қолдануға тәрбиелеу.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар. (шығармышылық іс-әрекет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.

					Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы».

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы

Топ 5 жастағы балалар «Балауса» мектепалды тобы

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **15.12 - 19.12.2025ж.**

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
Тату болса – ағайын жақын, Адал болса – дос жақын. (Қазыбек Келдібекұлы)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге!		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.		«Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие».	Жадынама. "Қысқы серуенді баламен бірге қызықты және пайдалы өткізу".	Кеңес беру. "Қыс мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары".
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру.		«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. STEAM. «Бөлшек пен бүтін» ойыны. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттер: балалардың ұғымындағы тұтас және оның бөлшектері туралы түсініктерін бекіту; бүтінді бөліктерге (тең және тең емес) бөлуді, тұтасты бөліктерден жинауға ұмтылыстарын дамытуға ықпал ету; қабылдауды, еске сақтауды, ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шешім нұсқаларын өз бетінше таңдау дағдыларын	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Сөрелер үстін сүрту " (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу; сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю, таза күйінде кептіруге ілу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Міндеттер. Балалардың он саны көлеміндегі реттік санау қабілеттерін жетілдіру, санға цифрді сәйкестендіруді	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Өсімдіктерді құнарландыру" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. «Қаржылық сауаттылық». «Қымбат-арзан» дидактикалық ойыны. (қарым-

	"Домино" үстел үсті ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Зейінділікті, логикалық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін, тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасындамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекіту. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. “Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен… Логикалық ойын. "Бұл бұрын не болған?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқай білуді, логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жаз, сары жапырақ; қысқы дала, мұз айдыны; ересек адам, нан; қыс, қар жауыны; қаз, жылқы; күндізгі мезгіл, қасқыр; үй ғимараты, үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар, дән масағы; балапан, көктемде жылғалардан аққан су; орындық; ірімшік және тағы басқа.		жетілдіру, практикалық әрекеттерді көрсету арқылы достарын өз шешімдерінің дұрыстығына сендіруге шақыру; ынтымақшыл болуға тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/steam/93?l=6 Логикалық ойын: Дьенеш ойын жиынтығы (танымдық іс-әрекет, зерттеуіс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Балалардың логикасы дамиды. Ойынға деген қызығушығы артады. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Санамақ. Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! "Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").	жалғастыру. Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шайнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш және тағы басқа). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. - Бауыржан, алдыңдағы суреттерге мұқият қара. Мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал. Оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есіне сақтауы қажет. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен құмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.	қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету. Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар. Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. 2-нұсқа. Балаларға азық-түлік өнімдері бейнеленген карточкалар беріледі, бағаны азық-түлікпен сәйкестендіру қажет. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халық ойыны. "Жүйріктер жеңеді" (дене тәрбиесі) Мақсаты: ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады. Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды. Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1- таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - бастарына қою; 3 - таяқшаны жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ арасы алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - қолын түзу ұстау, оң жаққа иілу; 3- таяқшаны жоғары көтеру, тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1-2 отыру, таяқшаларын жоғары көтеру; 3-4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстау. 1 - 2 таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отыру, аяқ арасы алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2- иілу, таяқты оң аяғының ұшына тигізу; 3- тіктеліп тұру, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. - таяқты жоғары ұстау, аяқтың арасын алшақ қою, секіру; 2- бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, қолды бүгу, таяқшаны көкірек тұсына ұстау. 1- таяқты жоғары ұстау, аяқтың ұшын оң жаққа созу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарқанға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы - ақ нанды, Қадірлейміз, шашпаймыз. Тамақтану кезінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгіні де дұрыстап, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстаймын, қараңыз. Тамақтану тәртібін, Жақсы білетін баламыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жаңа жыл" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: қысқы мереке туралы жайында суреттерді қарастыру, әңгімелер, өлеңдер оқу. "Күй күмбірі": "Жалғыз арша" - Біржан сал (орындаған Рамазан Стамғазиев) https://kitap.kz/music/1/ramazan-stamgazievting-oryndauyndagy-halyq-kompozitorlarynyng-nderi «Өнегелі»: Уақыт және жоспарлау. Тақырыбы: «Мен уақытты қалай өткіземін?» Мақсаты: балаларға өз уақытын жоспарлау негіздерін үйрету. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге , өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Отан, туған ел туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер: балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету; сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу; түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану; еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. Отанды сүю — отбасынан басталады. Отан оттан да ыстық.		«Менің елімнің Президенті» тақырыбына суреттерді қарастыру, әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру; сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну,	"Тәуелсіз елім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.

	Отансыз адам — Ормансыз бұлбұл. Туған жердің ауасы да шипа.			оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сюжеттік суреттерді сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** "Қазақстан жалауы". Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ жауап ұйымдастыру; балаларды жылдам ойлануға және жауап беруге тәрбиелеу. **Сауат ашу негіздері** "[к] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [к] дыбысын таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету. **Дене тәрбиесі** "Бағытты өзгертіп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолды еденге, құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып, құрсаудың ішінен өтуді; допты екі қолымен заттардың арасымен жүргізуді (арақашықтығы 4 м) үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Қонаққа келген Аққала" Мақсат-міндеттер: балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қысқы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету. .		**Сауат ашу негіздері** "М, Л дыбыстарын қайталау". Мақсат-міндеттер: «М-Л» дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. «М-Л» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде сұрақтарға жауап беру арқылы анық айтуды, ажыратуды үйрету. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйрету; еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. **Математика негіздері** "Жаңа жылдық сыйлықтарды қалай үлестіруге болады? (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың сегіз бен тоғыз көлеміндегі сандардың құрамы туралы білімін бекіту. Заттардың салмақтарындағы айырмашылық және логикалық пайымдауларға сәйкес, заттардың салмағын түйсіну арқылы салыстырып, салмағын анықтау біліктерін жаттықтыру; «бүгінгі күнге» сүйене отырып, бес күн ішіндегі уақытты бағдарлау дағдыларын бекіту; жұп, тақ сандар туралы түсініктерін дамыту. **Дене тәрбиесі** "Бағытты өзгертіп жүруді пысықтау". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолды еденге, құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып, құрсаудың ішінен өтуді; допты екі қолымен заттардың арасымен жүргізуді (арақашықтығы 4 м) пысықтау. **Қазақ тілі** «Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат». (Өткен тақырыптарды қорытындылау) Мақсат-міндеттері. Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; дыбыстарды дұрыс айтқызып фонематикалық естуді, яғни, дыбыстарды айыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқыны, дауыстың биіктігі мен қаттылығы, дикцияны айыра алу қабілетін дамыту; сөз, сөйлем, буын туралы білімдерін бекіту, оларды жеке талдап жұмысын дәлелдеп көрсету.	**Көркем әдебиет** Кел, жаттайық! А.Асылбеков «Жаңа жыл» Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын-сауық түрлері туралы айту, қысқы мерекелер туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп оқу, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға дағдыландыру, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілін дамыту. Қоршаған ортаға сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты аялауға, әсемдікті сезінуге және көре білуге тәрбиелеу. **Музыка** "Жаңа жыл келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындауды, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуені мен ырғағына сай орындау қабілеттерін жетілдіру. **Жапсыру** "Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағаз бетіндегі жаңажылдық шырша сұлбасының ішіне біртекті етіп үшбұрыштарды жапсыруды, шаршыны бұрып, тең ортасынан бүктеу арқылы, диагональ бойымен қиып, үшбұрыш пішіндерді шығаруды үйрету. **Қазақ тілі** «Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат». (Өткен тақырыптарды қорытындылау) Мақсат-міндеттері. Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; дыбыстарды дұрыс айтқызып фонематикалық естуді, яғни, дыбыстарды айыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқыны, дауыстың биіктігі мен қаттылығы, дикцияны айыра алу қабілетін дамыту; сөз, сөйлем, буын туралы білімдерін бекіту, оларды жеке талдап жұмысын дәлелдеп көрсету.	**Сауат ашу негіздері** "[к] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [к] дыбысын таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Ақ ұлпа қар" Мақсат-міндеттер: қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру **Математика негіздері** "Сыйлықтарды қалай үлестіреді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау. Салмағы мен өлшемі қарама-қарсы заттардың көрсеткіштері тең және тең еместігін алақанына салып өлшеуге жаттықтыру; уақытты бүгіннен бастап алдағы бес күн аралығында бағдарлау біліктерін пысықтау; сандардың он жолақ бойынша тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; қамқорлыққа, ұқыптылыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. **Тіл дамыту** "Қазақстан жалауы". Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ жауап ұйымдастыру; балаларды жылдам ойлануға және жауап беруге тәрбиелеу.

2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, Өнерімен қуантады түбінде». Жүсіп Баласағұн					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. -әрекет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Кел, достарым, келіңдер! Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» (шығармалышық іс-әрекет) Күйді қосып, балаларды қарсы алу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру.	Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Өсімдіктерді құнарландыру". (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс ітеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Біз - экологпыз» "Құстар" сөздік ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың сөйлеу тілін белсендіруді жалғастыру.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. «Техника және біз» техногендік сипат орын алғаннан кейінгі медициналық алғашқы көмек көрсету	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (Кітаптарды қалпына келтіру) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. «Тордағы құс» Обал жасап құстарға, Торға қамап ұстама! Құс боп неге жаралды, Еркін самғап ұшпаса? (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізіп, құстың торын жаса. Қолдарын айқастырып, қолың қанатын жасайды)	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұйымдасып тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек дағдылары) "Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны. (таным, қарым-қатынас іс-әрекеті)

	(танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. Артикуляциялық жаттығу. «Торғайдың әні». (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Педагог: - Балалар, торғай қалай ән салады? Тындаңдаршы. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, «Шіп-шіп» десіп отырар. (халық ауыз әдебиетінен) Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар. Ағаштарды қорғайды. (Ж. Сымақов)	Ойын ережесі. Құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады. Ойын әрекеті. Құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік». Ұлттық ойын "Бес тас" (таным іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен шығармашылық танытуді қолдау. Санау дағдыларын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.	Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі". (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.	"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б. Логикалық ойын. "Бұл бұрын не болған?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқай білуді, логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жаз, сары жапырақ; қысқы дала, мұз айдыны; ересек адам, нан; қыс, қар жауыны; қаз, жылқы; күндізгі мезгіл, қасқыр; үй ғимараты, үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар, дән масағы; балапан, көктемде жылғалардан аққан су; орындық; ірімшік және тағы басқа.	Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады. «Қай аңның немесе құстың ізі?» дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға аң-құстарды қардың бетінде қалған іздеріне қарап тануды үйрету. Ойлау, сөйлеу, еске сақтау, қиялды дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын қушитпау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою. 1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.				

	1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Таңғы ас келді, Балалар үстелге жайғасты.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Аңдардың қысқы тіршілігі" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: аңдардың қысқы тіршілігі жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Қолғап", "Түлкі мен қасқыр" ертегілері; Н. Жанаев «Ақ қоян». "Күй күмбірі": "Бегім бер" - халық күйі (орындаған Талғат Мұқышев) https://kitap.kz/music/2/talgat-muqyshevtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Экология және планетаға қамқорлық. Тақырыбы: «Жасыл планета». Мақсаты: балалардың экологиялық санасын тәрбиелеу. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге , өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Қыс туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым,адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Қыс арбаңды сайла. Жаз шанаңды сайла. Көліне қарай - қазы, Қысына қарай - жазы. Қыс азығын жаз жина. Қыс аязымен, Жаз самалымен.	«Адамның қыстағы еңбегі» тақырыбына суреттерді қарастыру, әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды дамыту. Еңбектің мазмұнын, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге және бағалауға ынталандыру.	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмәнданудаға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстары жайындағы түсініктерді бекіту; тез ойлануға тәрбиелеу.	Сәлемдесу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін!
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйретуді пысықтау. **Сауат ашу негіздері** "к дыбысын таныстыру" Мақсат-міндеттері: [к] дыбысын таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуды үйрету. Сөздік қорды, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.	**Көркем әдебиет** "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған Жұлдыз». Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** "Жануарларды екіден және үштен топтастыру" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «тоғыз» саны туралы түсінік	**Сауат ашу негіздері** "[к] дыбысын қайталау". Мақсат-міндеттері: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарту жаттығуларын орындау, сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату. **Математика негіздері** "Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?" Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "тоғыз" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру.	**Көркем әдебиет** "Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» мысалымен танысу (И.А. Крыловтан аударма)" Мақсат-міндеттері. Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» атты мысалымен таныстыру; кейбір сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; лексикалық жаңа құрылымдарды құрауға машықтандыру; мысалдарда айқындалған мақтаншақтық пен ақылсыздық туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; өз	**Сауат ашу негіздері** Дыбыстық талдау жасау, [і], [к] дыбыстарын қайталау. Мақсат-міндеттер: І, К дыбыстарының айтылуын және артикуляциялық қалпын дамытуды пысықтау. Балаларға «І», «К» дыбыстарын буында, сөзде дұрыс айтуды бекіту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Қардың қасиеттері". Мақсат-міндеттер: балаларға қардың құрылымы және оның судың айналудың бірі екендігі туралы қарапайым білімдерді пысықтау.

	Дене тәрбиесі "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуды пысықтау" Мақсат-міндеттері. Балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйретуді пысықтау; ұйымдастырылған іс-әрекетте жаттығудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру;ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Ғажайып сыйлықтар". Мақсат-міндеттері. Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.	қалыптастыру, оны тану және атау іскерлігін жетілдіру. «Тоғыз» жиын санын құрайтын элементтердің түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсуі мен кемуін нәтижелерін жаттығудағы заттарды бір-бірінің тұсына қою және беттестіру тәсілдері арқылы табуды үйрету; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орнату білігін дамыту. **Музыка** "Жануарлар туралы әндер" Мақсат-міндеттер: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру. **Дене тәрбиесі** "Доппен жаттығулар" Мақсат-міндеттері. Балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң қолмен лақтыруға үйрету; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру; жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату іскерліктерін жетілдіру.	**Дене тәрбиесі** "Доппен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өтуге үйрету. **Қазақ тілі** "Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктерін қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы; құстар мен жануарлардың жаз, қыс мезгіліндегі тіршілігі; адам өмірінің ерекшеліктері туралы идеяларын дамыту; еңбек қажеттілігі және жақсы мінездің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділікке, еңбекқорлыққа, жомарттыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	ойларын еркін жеткізуге шығармашыл болуға, өтірік пен шындықты ажыратуға, өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу. **Музыка** "Сауысқан" Мақсат-міндеттер: балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру. **Мүсіндеу** "Суықторғайды мүсіндейміз" Мақсат-міндеттері. Балаларды қыстап қалатын құс: суықторғайды домалақтау, жалпайту, созу, қырнауышпен тырнау әдістерін пайдалана отырып ермексаздан мүсіндеуді үйрету; қыстап қалатын құстарды естеріне түсіріп, суықторғай жайлы білімдерін кеңейту; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру; жұмыс соңында жұмыс орнын тазалап, қолдарын сүлгімен сүрту іскерліктеріне тәрбиелеу **Қазақ тілі** "h дыбысы" Мақсат-міндеттері. [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылау; h дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағытауын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жаңылтпаш айту арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуді үйрету, өзінің сөйлеу тілін қадағалауға тәрбиелеу.	**Математика негіздері** "Жануарларды екіден және үштен топтастыру (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы «тоғыз» саны, оны құрайтын элементтер туралы түсініктерін дамыту. Заттар тобын бір-бірінің тұсына қою және беттестіру тәсілдері арқылы табуды үйрету; жиындар және олардың құрамдарының арасындағы қатынастарды орнату білігін дамыту; Қазақстанда және өзге елдерде мекендейтін жануарлар туралы білімдерін бекіту; логика негіздерін дамыту; бірізділік сезімін тәрбиелеу. **Тіл дамыту** "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	Қардың түсуін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа	«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және	Суықторғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің	Сарыбауыр шымшықты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, қыстайтын құстардың бірін, сарыбауыр шымшықты ажырата білу,	Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды

	райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жауыны туралы білімдерін бекіту. Ғабиден Құлахмет «Аппақ қар» Қыс қандай әсем еді, қара, далам, Бір арман − ақ боз жеккен шана маған. Ағызып жұлдыздайын Дүниені не жетсін күніне бір аралаған. Қар қандай! Қарып көзді шағылады, Жамылған тау, даласы, бағы − бәрі. Тоқтау жоқ, кедергі жоқ Аппақ дүние! Жер үсті аппақ нұрға малынады. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. «Қауіпсіздік». "Екі аяз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны және шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты, белгі сөздер бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. Екі аяз (алаң ортасының екі шет жағында тұрып): — Қызыл аяз, көк аязбыз, Бөлек жүргенде, аразбыз. Біріксек, босқа тұрмаймыз, Мұздатамыз, аямаймыз! Кім дайын? Кім батыл? Шық алға! Түс қолға! Балалар: — Қорықпаймыз аяздан! Жүгіреміз біз жылдам! «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны.	нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Терезе сыртында не деген ғажайып! Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып. Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған, Аулада балалар қарларға аунаған. Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай Қолынан түспейді күрегі алыптай. Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға, Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова) – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету. "Қысқы эстафеталар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, жүру, секіру) жетілдіру. Эстафеталар реті: кедергілерді аттап жүру; кедергідерді айнала алға жүгіру ("жыланша"); жүгіру.	қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қадыр Мырза Әли "Суықторғай" Шыбық борбай Суықторғай, Бүрсең қағып, Жүрсің нағып, Ай-ай-ай! Ақыл айтса, Дос көрмедің, Жақын айтса, Ескермедің, Ай-ай-ай! Ескергенде Өстер ме едің. Шыбық борбай Суықторғай, Ай-ай-ай! «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпырғышпен сыпыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын жауапкершілікпен орындауға жаттықтыру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Қауіпсіздік». "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлай білуді, дене үйлесімдігін, жылдамдықты, ептілікті, шапшаңдықты дамыту. Зеректікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ"	құстардың пайдасы туралы білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу. Суықтардың келуіне, қоректің жетіспеушілігіне байланысты, қыстайтын құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. – Балалар, біз көріп тұрған құсты қалай атаймыз? – Оны қандай ерекшелігіне қарап, сарыбауыр шымшық деп атадық? – Сарыбайыр шымшық немен және қалай қоректенеді? – Адам құстарға суық мезгілде қандай қамқорлық жасай алады? Сарыбауыр шымшықты Кім кешеден көріпті? Кішкентай, бұл батыл құс Суық қысқа төзіпті. Ешқашан шаршамайды, Ешбір істен қалмайды, Сарыбауыр шымшық құс Қорек іздеп, талмайды. Байқап көрсе – болады, Айнала құсқа толады. Жемшашарға шымшық құс Ұшып келіп, қонады. Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қасқұлақ» (қасқыр) қазақ халқының ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру. Ойын шартын бұзбай ойнауды, қауіпсіздікті қадағалау. Ойынға қасқұлақ (қасқыр), күзетші және қойлар қатысады. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" кімді атаса, сол бала өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалауға міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.	қоректендірудің қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Сұлтан Қалиұлы Қарғалар Тысқа шықсам, аула – қар, Басып қапты маңайды. Тал басынан қарғалар Тамашалай қарайды. Бірі ұшып, Асыға Қонды келіп аулаға. Қарады тал басына Қарды кешіп, таңдана. – Қар! Қар! – деп ол шаттанды, – Әрине – қар, бар ма дау? Жерді жапқан ақ қарды Шекер ме деп қалғаны-ау! «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Балықшылар мен балықтар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың затты (доптар немес қапшықтар)

	(дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. "Нысана тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, лақтыру қимылын жетілдіру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шанамен сырғанауға жағдай жасау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбыңды тап". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті,ептілікті) дамыту. Ойын шартын ұстануды бекіту.	тағайындалады. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Хоккей элементтерін игерту. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізе білуді үйрету, дамыту.Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	«Қауіпсіздік». "Ұсталып қалма" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын, жылдамдықпен, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.птілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. "Нысана тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, лақтыру қимылын жетілдіру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Хоккей элементтерін игерту. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізе білуді үйрету, дамыту. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін,ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. "Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шанамен сырғанауға жағдай жасау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Таңғы ас келді, Балалар үстелге жайғасты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту. Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін үілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Жұлдыз шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі үілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шиқылдайды. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек	Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу арқылы түлкіні құрастыруға үйрету; қағазды ортасынан, екіге бөліп бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу іскерліктерін толықтыру. «Біз экологпіз» тақырыбына тақырыптық, эксперименттік іс-әрекет ұйымдастыру. https://bilimkids.kz/steam/98?l=7 "Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны. (танымдық, коммуникативті іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады. "Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады.	"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту. Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді) Жапсырудан ойын-жаттығулар. "Аққала" Мақсат-міндеттер: балаларды дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы аққала бейнесін құрастырып, ағаш бұтағы, қолғап, аққала бет әлпеті бейнеленген дайындамалардан аққаланы жапсыруға үйрету. Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұқыпталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Ойын соңында педагог балалармен бірге	**Вариативті компонент** Жанды және жансыз табиғат Жанды және жансыз табиғат туралы түсінік беру.Берілген сұрақтардың нақты жауабын тауып, айта білуге үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. "Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады. "Жаңа сөз және жаңа сөйлем" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. – Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз. – Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу – қолтық. – Бас – басшы – бастық – басшылық – ку бас – бастау. – Жар – жартас – Қызылжар – жару – жарлы. – Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау. – Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене. “Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету. Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек. "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б. "Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады.

	артистер ғана емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орындардың бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады.		қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ережелер - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; кітаптарды ұқыпты ұстау, оқып болған кітаптарды кітапханаға қайтару.	ұйымдастыруға мүмкіндік беру Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.	
Балалармен жеке жұмыс	Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш! Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон! Асықпа да саспа, Бірден қайта баста.	"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды.	Саусақ жаттығуын айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау), Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру,) Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).	Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш! Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон! Асықпа да саспа, Бірден қайта баста.	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
ік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Үлестірмелі материалдар мен жабдықтарды ұқыпты тарата білуді бекіту. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге тиянақтылықпен жетуге, үлкендерді сыйлауға, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Санамақ айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Жиналған соң достары Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші, Бесіншісі - балташы Алтыншысы - аспазшы Жетіншісі -жылқышы Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші Оныншысы - орманшы. Ермек Өтеутілеуов. BilimKids дамытушы мультфильмі Полиция сілтеме "Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген	кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Логикалық жаттығу. «Тақпақты тыңда. Саны қанша және қандай мамандықтар туралы айтылғанын тап». (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Педагог балаларды шеңбер бойымен немесе кілем үстіне отырғызып, қызықты жаттығуды орындауды ұсынады. – Балалар, мұқият болыңдар. Тақпақты тыңдаймыз. Саны қанша және қандай мамандықтар туралы айтылғанын табу керек болады. Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды. Ақылбек Шаяхмет «Нені, немен жасайды?» Айтуға бәрі де сияды, Әр заттың орны бар деседі. Қайшымен қағазды қияды, Пышақпен тоқашты кеседі. Қырғышпен теріні ірейді, Киімді тігеді инемен. Көп қарды күрекпен күрейді, Тоң жерді қазады сүйменмен. Арамен ағашты кеседі, Балтамен отынды жарады. Бізбен теріні теседі, Балғамен шегені қағады. Шелекпен су құйып алады, Ілмекпен шілтерді тоқиды. Қаламмен жазуды жазады, Кітапты көзбен оқиды.	кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. "Қырықаяқ" қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікке үйрету «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін	Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Аспаз боламын" Мақсат-міндеттер: балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманың мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алс – жақын, т.б. Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?» (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Педагог балаларды жұптарға бөледі. Педагог: - Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар	(танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) Қол бұйымдарының көрмесін ұйымдастырып өткізу. Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Санамақ Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке,

	заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу.	Жаңылтпаштарды қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау (жаңылтпаштар айту).	ата аналары туралы айтады.	үшін қызмет етеді. - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар. - Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды. - Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек. - Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.)	Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Мамандықтар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы адам таңдайтын мамандықтар және олардың ерекшеліктері жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Күй күмбірі": Ерке сылкым (Әбдімомын Желдібаев) https://kazamuz.kz/1053-abdimomyn-jeldibaev---erke-sylkym-kui.html ; https://www.youtube.com/watch?v=BQ_f0laqeto «Өнегелі»: Музыка және дыбыстар. Тақырыбы: «Айналамыздағы музыка». Мақсаты: музыкалық есту қабілетін және музыкаға қызығушылықты дамыту. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?» (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмандануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың	Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту. Айналасындағылармен өздігінен	«Қаржылық сауаттылық». "Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. Қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау. Мысалы, оларды дүкенге алып

	және сабырлы болу.	әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды дамыту. Әртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға ынталандыру.	соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.	диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу.	барып, сатып алу процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" (қайталау) Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру. **Сауат ашу негіздері** "[г] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: Г дыбысын таныстыру, Г дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. **Дене тәрбиесі** "Кедергі заттар арасымен допты домалатуды пысықтау". Мақсат-міндеттер: балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыруға үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Мамандықтар" Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету.	**Көркем әдебиет** "Тұманбай Молдағалиев «Мамандықты таңдау»" Мақсат-міндеттері. Балаларды Тұманбай Молдағалиевтің «Мамандықты таңдау» өлеңімен таныстыру; өлеңнің мазмұнын мәнерлеп айтуға дағдыландыру; мәнерлеп оқу құралдарын саналы пайдалануға үйрету; мамандық иелерінің әрекетін сипаттайтын етістіктерді дұрыс таңдап қолдануға дағдыландыру; қанатты сөз тіркестеріне қызығушылық ояту; сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; еңбекті, адамды құрметтеуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** "Заттарды салмақ бойынша салыстырайық (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың заттардың қасиеттері туралы білімдеріне сүйеніп, заттарды қолдарына ұстап, шартты өлшем құралдары (таразы), сонымен бірге көз мөлшерімен салмағын өлшеу біліктерін бекіту. Сандық қатарды бағдарлау біліктерін белсендіру, жиынды бірнеше бірдей бөліктерге бөлу, белгілі бір санға сәйкес келетін заттар тобын құру; адамдардың мамандықтарының ерекшеліктері туралы білімді бекіту; шыдамдылыққа, адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Музыка** "Бағдаршам" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету.	**Сауат ашу негіздері** "[ғ] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [ғ] дыбысын таныстыру, [ғ] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. **Математика негіздері** "Заттарды салмақ бойынша салыстырайық" Мақсат-міндеттері. Балаларға шартты өлшемнің көмегімен заттың көлемін таразыға және қолға салып салыстыруды үйрету. Салмақтары бір-біріне қарама-қарсы шамадағы заттардың жұптарына қарап, олардың салмағы ауыр және жеңіл екенін табуға жаттықтыру; заттар жиынын бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті пысықтау, жиын санға сай заттар топтамаларын құруға машықтандыру; әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру; еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Кедергі заттар арасымен допты домалату". Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалатуға үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға	**Көркем әдебиет** "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. **Музыка** "Комбайншы" Мақсат-міндеттер: балалардың комбайншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту. Балаларды шығармалардың ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. **Сурет салу** "Капитанның кемедегі саяхаты" Мақсат-міндеттер: балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; кеменің пішінінде корпусы, палуба, кауталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге баулу; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. **Қазақ тілі** "Мамандықтар жайында диалогтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін	**Сауат ашу негіздері** Қ, Ғ дыбыстарын қайталау. Мақсат-міндеттері. «Қ - Ғ» дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. «Қ – Ғ» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды және ажыратуды үйрету. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жол ережелері" Мақсат-міндеттер: балалардың жолда жүру ережелерін ұстану және қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру; жол белгілерін ажыратуға үйрету; жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау; өз орнын қоғам ортасында білу, түсіну қабілеттерін қалыптастыру. **Математика негіздері** "Балықтың салмағын өлшеу" Мақсат-міндеттері. Балаларға шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді үйрету; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл болатыны жайлы түсінік беру. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу негізінде жиынның айырмашылығын шығару туралы түсінікті тиянақтау; жылдам санауға жаттықтыру; еске сақтау, көру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке, әділдікке

		Балаларды шығармалардың ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. **Дене тәрбиесі** "Түрлі биіктіктегі заттардан қос аяқтап секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі биіктік деңгейдегі заттар арқылы қос аяқтап секіруге үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.	қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Қазақ тілі** "[Ц] дыбысы". Мақсат-міндеттер: [Ц] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды бағытталуын қалыптастыру.	кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру.	тәрбиелеу. **Тіл дамыту** "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі". Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	«Қауіпсіздік». Жемшашарға қонған құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Сұлтан Қалиев "Жем шашқанда құстарға" Отырмай мен демалып, Сары аяз қысқанда,	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Арнайы көліктер. Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) бақылау. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: арнайы көлік құралдарының түрлерін (өрт сөндіру көлігін, полиция көлігін) ажырата білу қабілеттерін дамыту; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (жүргізуші, өрт сөндіруші, полицей) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік қорды молайту.	«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қауісіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Терезе сыртында не деген ғажайып! Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып.	«Өнегелі тәрбие». Жеткізушінің еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Адамның еңбегі туралы түсініктерді кеңейту, жеткізушінің әрекеттерін бақылап, жұмысының мазмұнын, сипатын тиянақтау, еңбек нәтижелерін қадірлеуге тәрбиелеу. "Жеткізуші кім?" – десеңіз, Жауапты жылдам береміз: "Өнері асқан бұл маман Жүйрік, алғыр да шапшаң, Қалаған затты уақытында Жеткізеді адамдарға. Жаңбыр болсын, қар жауыны	«Қауіпсіздік». Жаяу жүргіншілерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жер астынан өтетін жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау. Зайда Елғондинова «Светофор» Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы:

	Тысқа шықтым жем алып, Шашайын деп құстарға. Көгершіндер Дәніме Қонды келіп жағалай. Ал қарғалар Әріде Ұшып жүрді жоламай. Ешкімге жоқ залалы Көгершіндер батыл-ау! Болғаннан соң саналы Адамдарға жақын-ау! «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. "Балықшылар мен балықтар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. «Қауіпсіздік». "Ұсталып қалма" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын, жылдамдықпен, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.птілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.	– Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін, полиция көліктері). – Осы көліктерге не себептен көк түсті шамды жаққызып, сиренаны қосқызады? – Бұл көлік түрлерін не себептен "арнайы" деп санайды? – Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) қандай ерекшеліктер мен белгілерге қарап ажыратамыз? – Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) келген кезде, біз қандай мамандарды кездестіреміз? – Олардың жұмысы қандай? – Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) жолда қалай жүретінін білесіңдер ме? – Осы арнайы көлік түрлері жолда барынша жылдам жүру керек. Жолда жылдам жүру қандай жағдайда болады? – Иә. Көк шамы жанған, сиренасы қосылған арнайы көліктерге жол үстінде барлық көлік жол беру керек. Мұқтаж адамға уақытында көмекке келу, жол апатына түспеу үлкен еңбекті аталап етеді. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: тайғақ жолдарға құм шашу. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек мазмұнын, сипатын білуге ынталандыру, Қауіпсіздікті сақтау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға	Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған, Аулада балалар қарларға аунаған. Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай Қолынан түспейді күрегі алыптай. Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға, Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова) – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру. Эстафеталар реті: жүгіру, екі аяқпен алға секіру, кедергілерден аттап секіріп жүгіру.	Кедергі болмайды, өйткені Жеткізуші сөз берген: "Қайтсе де, тауарды жеткізем!" Рақмет айтамыз, күлімдесіп, Аяғына дерт бермесін, Еңбегін аямаған біз үшін Сау болсын жеткізуші. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Екі аяз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны және шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты, белгі сөздер бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбыңды тап". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті,ептілікті) дамыту. Ойын шартын ұстануды бекіту. "Жыланша жүгіру" қимылды ойын-	«Тоқта, жолдас!» – дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: «Ал, дайындал!» – дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: «Ал, өте бер!» – дегені. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру.

	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шаңғымен жүруге жағдай жасау. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсаттылдыққа, достыққа тәрбиелеу. «Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру.	"Мысық мен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, икемділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Санамақты қолдану. Қауіпсіздікті қадағалау. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шаңғымен жүруге жағдай жасау. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру. «Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шаңғымен жүруге жағдай жасау. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	Эстафеталар реті: жүгіру, екі аяқпен алға секіру, кедергілерден аттап секіріп жүгіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Кім жоғары секіреді?" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Биіктікке секіруге үйрету, күш пенептілікті дамыту.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету. BilimKids дамытушы мультфильмін қосу Жуыну әні https://bilimkids.kz/media/video/umyvaemsya-vmeste				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Екі қызғаншақ қонжық» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Басқа планеталықтар» ертегісін тыңдату.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. В. Бианкидің «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Атасының тақиясы» ертегісін тыңдату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. Г.Х.Андерсеннің «Түймеқыз» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.				

ояту, сауықтыру шаралары	Көркем сөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Қар қалың жауса да, бізге шанамен сырғанауға болады", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып,	Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (Мамандық иелеріне қажетті құралдар). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандық иелерінің қандай құралдарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; мамандық иелеріне деген құрмет сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Мамандық иелері мен олардың құралдары салынған сурет-карточкалар. Шарты. Балалар әрбір мамандық иесіне қажетті құрал түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек. Жұптар мына сияқты болуы мүмкін: балташы - балға; суретші - палитра және қылқалам; мұғалім - көрсеткіш; капитан - штурвал; бақташы - кетпен; кірпіш қалаушы (құрылысшы) - кірпіш; жүргізші - руль, т.б.. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Аспаз боламын" (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспаз маманың мүсіндеуге үйрету; мамандықтардың адам өмірінде	Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтылған сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. Жапсырудан ойын-жаттығулар "Цирк қызметкерлері" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері: қағазды бүктеу әдісі арқылы жұмыс жасау дағдыларын дамыту. «Мен зерттеушімін – өнертабысқа алғашқы қадам». Танымдық, эксперименттік іс-әрекет. Қамыр илеу. Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау. Заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға үйрету. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана".	**Вариативтік компонент** Тіл ұстарту. жаттығуы "Кім не істейді?" (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. Танымдық, эксперименттік іс-әрекет: «Мен зерттеушімін – өнертабысқа алғашқы қадам». (зерттеу, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Мұздан, қардан суды алу, өсімдіктерді суару, целлофанмен жабу, буды шығару.	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады. "Жаңа сөз және жаңа сөйлем" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. – Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз. – Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу – қолтық. – Бас – басшы – бастық – басшылық – қу бас – бастау. – Жар – жартас – Қызылжар – жару

	бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.	негізгі рөл атқаратыны туралы айтып, әр мамандық иелері жайлы білімдерін жаңғырту; маман иелерінің еңбектерін бағалап, өздерін жақсы маман иесі болуға ынталандырып тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойын «Телестудия». (қарым-қатынас, еңбек, зерттеу, танымдық іс-әрекеттері) Міндеттері: Телевизия қызметкерлері туралы, олардың мамандықтары мен еңбегі жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбек нәтижелерінің мазмұны, сипаты мен маңыздылығын түсіндіру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын, қиялын, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; сөйлеу мәнері, мимика мен ым-ишараны көркем жеткізе білу қабілеттерін жетілдіру; топпен өзара әрекеттесу, келісу, өзгенің рөлін, пікірін құрметтеу дағдыларын дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар: Ойыншық немесе картоннан жасалған камера (қораптан жасауға болады); Микрофон (фольгадан немесе картоннан жасалған); Жүргізушіге арналған үстел мен орындықтар; Жаңалықтар, ауа райы болжамы, афиша және т.б. жазылған карточкалар;	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдар, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Қорытынды ретінде педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасып, жоспар бойынша жұмыс істеуі керектігі; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі айтылады.	– жарлы. – Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау. – Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті) «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Шекербек Садыханов. "Құрылысшы". Қолда темір қалағы, Саздан сарай қалады. Алматыдан аумайтын, Әсем қала салады.	"Зейінді бол" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. (танымдық іс-әрекет) Еңбек туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Балаларды қол жетімді	Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу. Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы, Біздің қыздар секірді, Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді,

	кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шешендікке, жұмбақ шешу өнеріне баулу. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені ұсақ бөлшектерден құрастыруды, қоршаған әлем жайында түсініктерді, қағаз бітен бағдарлауды жетілдіру. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.	көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету. Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу; түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану; еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Еңбек — ата, жер — ана. Еңбек адамның екінші анасы. Еңбек еткен — мұратқа жеткен. Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең жеңерсің.	Алға қарай секірді, Артқа қарай секірді, Айналдыра секірді, Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. Екі саусақты кезек-кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу. Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Үлестірмелі материалдар мен жабдықтарды ұқыпты тарата білуді бекіту. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге тиянақтылықпен жетуге, үлкендерді сыйлауға, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б. "Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Тәулік бөліктерінің	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққимімен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті) Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Бояғанда, суреттің шетінен шықпауды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Балалардың қалаулары бойынша. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. «Көзіңді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. "Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу. Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов «Өрнекті жина» ойыны. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (еңбек, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Шамасы келетін еңбек (кітаптарды қалпына келтіру) әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Айналадағы заттар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы. Қазақ халқының тұрмыстық заттары, бұйымдары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Балалардың қалаулары бойынша қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, кершен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ертұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарын (білезік, сырға, сақина, тұмар,	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. "Экологиялық тәрбие". Медиа Дамытушы мультфильмдер. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру. Заттардың қандай

	ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").	(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Ойынның мазмұны. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған жасырынған заттардың қасиеттерін, затқа қарамай, анықтауға мүмкіндік беру.	(қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	шашбау) жасау, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану. Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта». Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын тексереді. (танымдық іс-әрекет)	материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдай білуді, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білуді дамыту. Ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1-2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әкелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Ғарыш" тақырыбына әшекейлеу, балалардың ғарыш туралы суреттер көрмесін ұйымдастыру. Балалар кітапханасы: ғарышқа ұшу жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; ғарышкерлер тақтасын жасау; өлеңдер мен әңгімелерді оқу. "Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: «Барлық мамандықтар маңызды». Мақсаты: адам өміріндегі еңбектің орны. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Мейірімділік ағашы»	"Менің көңіл-күйім қандай?"	«Менің достарым». «Досымның	«Эмоцияларды жаттықтырамыз»	"Ағаштан не жасайды?"

	Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	жаттығуы. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуді, монологты байланыстырып құра білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. Эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру.	артықшылығы» тақырыбына пікір алмасу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге ынталандыру. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.	Мақсат-міндеттер: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Мақсат-міндеттер: ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту "Таңғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру. Сауат ашу негіздері "[h] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [h] дыбысын таныстыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дене тәрбиесі "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуы" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.	Көркем әдебиет "Әдібай Табылдының «Тіл алмаудың кесірі» атты әңгімесін мазмұндау" Балаларды Әдібай Табылдының «Тіл алмаудың кесірі» атты әңгімесімен таныстыру; әңгімені жоспар бойынша мазмұнындау дағдысын жетілдіру; бас кейіпкердің қасиеттерін көркемдік құралдар, мимика, ым-ишара арқылы жеткізу дағдысын дамыту; зейін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; қос сөздермен таныстыру; өзін-өзі басқаруға, өз ісіне, денсаулығына жауапты қарауға, табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. Математика негіздері. "Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық фигуралар мен денелерді дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Алыс және жақын жердегі заттардың шынайы табиғатын тануға ынталандыру. Жиын мен оның құрамы арасында қатынасын анықтау білігін	Сауат ашу негіздері "Х және һ дыбыстары". Мақсат-міндеттер: балалардың Х және һ дыбыстары жайында білімдерін тиянақтау, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Математика негіздері "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру. Балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Дене тәрбиесі "Гимнастикалық бөрене үстінде жаттығу жасау" Балаларды гимнастикалық бөрене үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жаттығу жасауға үйрету; қатарда бір-біріне қарама-қарсы тұрып, құрсауды домалатуға жаттықтыру; заттардың арасымен жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға дағдыландыру. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және	Көркем әдебиет "Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін оқу" Балаларды Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» атты шығармасымен таныстыру; балаларға түбір сөздер мен туынды сөздердің мағыналық байланысын көрсету; есім сөздерге «-дай» жұрнағын жалғау арқылы сын есім жасауды үйрету; өз ойларын еркін жеткізуге баулу; ойларын дәлелдеу білігін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; ұғымталдыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау Музыка "Атамекен, ақ мекен" Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді, жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуды жетілдіру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеуінсіз ән салу, әннің сөздерін анық айту, дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіру дағдыларын дамыту. Музыканың қимыл сипатын жеткізуге ынталандыру. Музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуді жетілдіру. Сурет салу "Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың,	Сауат ашу негіздері "[ф] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: Ф дыбысын таныстыра отырып, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Математика негіздері "Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу және алу операцияларына байланысты қарапайым есептерді шығаруға дағдыландыру, шартты өлшем туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға заттардың көлемін салыстырғанда шартты өлшемді пайдалануды үйрету, сызғыштың сипаттамасымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастыру, қосу, алу және теңестіру амалдарын есепте көрсетуге талпындыру; бүтіннің құрамын түсіндіру (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кішкентай), осы бөлікті сандар құрамында қолдануға жаттықтыру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Шоқ жұлдыздар" Балаларға астрономия ғылымы туралы түсініктер беру, оны ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деген ұғымдарды түсіндіру; Күн жүйесінің 8

	Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қазақ халқының ұлттық аспаптары" Балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптарымен таныстыруды жалғастыру; аспаптарың атауларын пысықтау; ұлттық аспаптардың әуендерін тыңдату, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету; еске сақтауды, сөздік қорды байыту, сөйлеу тілін дамыту; қазақ халқының ұлттық өнеріне көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу; шығармашылығын дамыту.	дамыту; қағаз парағының бетін бағдарлау дағдыларын бекіту. Музыка "Атамекен" Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді жетілдіру. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуді, жоғары және төменгі дыбыстарды ажырату дағдыларын дамыту. Музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру, жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыканың қимыл сипатын жеткізуге ынталандыру. Музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету. Дене тәрбиесі "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге пысықтау. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.	қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Қазақ тілі "У дыбысы". мақсат-міндеттер. Балаларға «У» дыбысын таныстыру; У у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру; «У» дыбысының дұрыс айтылуын меңгерту; У дыбысын буында, сөзде анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды толық орындауын қалыптастыру; тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу; қолөнерге қызығушылықты арттыру.	"қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу. - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу. Қазақ тілі "Домбыра туралы аңыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қазақ тілінде домбыра туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту.	планетасын атауды, олардың арасынан Жер планетасын табуды үйрету; жеке болжамды дәлелдеу және өз бетінше қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыру; зейін, еске сақтау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зияткерлікке, шығармашылыққа баулу. Тіл дамыту "Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?» пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диологтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту. BilimKids дамытушы мультфильмі				
Серуен	«Экологиялық тәрбие». Қарағашты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қарағаш ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; көктемде	«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, терек ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; терек ағашына	Торғай, көгершін құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту. Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Тақпақ.	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" (бұлт) ұғымын бекіту. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын баяндау.	Жыл құстарын бақылау. Ұзақ (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас, танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын; адамның табиғатты қорғау, сақтау керек екенін, құстар өміріндегі маңызы туралы түсініктерін тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі екендігін

	ағаштардың тіршілігі (бүршік ату) себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуді жетілдіру. Қауіпсіздік. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін, экологиялық білімдерін тиянақтау, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Қарағашты неге солай атайды? Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? Қарағаштың діңдегі Әжемнің әжіміндей, Қарағаштың тамыры Тарайды өрімдей. Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді, Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі. "Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға, Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.	тән белгілерді атауға ынталандыру; көктемгі маусымда ағаштардың тіршілігі (бүршік ату) себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Қауіпсіздік. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Гүлнар Науырша "Көк терек" Көк терек гүлденсейші, гүлденсейші, Өзгелердей сен әсем түрге енсейші. Терезеден қараймын талдарыңа, Бүр жарды ғой барлығы жан-жағыңда. Қайда сенің бұтағың, жапырағың, Арайланып жайнайды атырабың. Бәрі-бәрі гүлдеді шешек атып, Сондай сәтте сен неге тоқырадың. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Сұңқар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беруОйын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. «Жіпті көтеру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы менептілігін дамыту. «Құрсауға секір» ойын-жаттығуы.	Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескені тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны: «Киік» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарына деген қызығушылығы мен белсенділігін қолдау; физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш,ептілік, төзімділік, шапшаңдық) дамыту; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, ойын ережелерін нақты әрі саналы түрде сақтай білу дағдыларын қалыптастыру. Белгі-сөздерге тез әрекет етуге, шеңберден жылдам шығып кетуге немесе шеңбер ішінде ұстап алуға үйрету. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар санамақ арқылы бір баланы «киік» рөліне таңдайды. Қалған балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп (қақпа жасап), шеңбер бойымен жүреді. «Киік» шеңбердің ішінде тұрып, қалауы бойынша қозғалады. Киік жайылса, тұйық қой, Алысқа жапса, жүйрік қой. Киікті ойнаған бала өзін ұстатпай, шеңбердің ішінен жылдам «секіріп» өтіп кетуі керек. "Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру. «Лақтырып қағып ал» қимылды ойын-	Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуді жетілдіру. Байқағыш болу қабілетін, ой-қиялын дамыту. Ақылбек Шаяхмет "Бұлттар" Ақша бұлттар, ақша бұлттар, Бойларыңда пәк шабыт бар. Даналық па, шалалық па? – Нөсер, бірақ, қара бұлттар... «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. «Аққу-қаздар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Әртүрлі жүгіру дағдыларын жетілдіру, белгі бойынша және ережелерге сай, ойынның ортақ мақсаты мен өз рөліне сәйкес ойнай білуге үйрету; ептілікті, жылдамдықты, икемділікті, күшті дамыту; достық сезімді, адалдықты тәрбиелеу. Сонымен қатар, бұл ойында «қасқырлар ұстаған қаздардың» саны есептеледі. Ең көп қаз ұстаған ойыншы келесі ойында қайтадан «қасқыр» болу құқығына ие болады. «Кім батыл?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіруге үйрету. Балалардың күш-жігерін, тепе-теңдікті сақтай білуді дамыту, бұлшық ет жүйесін күшейту. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық ойындарды ойнату. Балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын, күшін, ептілігін, дәлдігін жетілдіру; ережелерді орындай білу қабілетін бекіту.	бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді. Қамқорлыққа тәрбиелеу, көктемде құстар үшін қолдан жасанды ұяларды құру қажеттілігін түсіндіру. Жұмбақтар Тал басында ағаш үй, Терезесіз тамаша үй. Соны мекен етеді, Қыста алысқа кетеді. (Қара торғай) Сирағы ұқсас қамысқа, Мойыны имек сорайған, Қауқиған кім алыста Қарақшыдай қарайған? (Тырна) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйркі. (Қарлығаш) Жылы жақтан ұшып келген қонақтар, Бұл бұтақтарға қонған ... (ұзақтар). Сабырхан Асанов Құстар сайрай бастады... Құстар сайрай бастады, Көктем қайта келе ме? Жайраң қағып жас талы, Ел көңілін бөле ме?! Аспан нұрға боялды, Жұлдыздарын түн қамдап. Үйқысынан оянды, Қысы бойы тынған бақ. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құстарға, табиғаттағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. «Кедергілерді жеңгіштер» қимылды ойын-эстафетасы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Шектелген жазықтықтың үстімен (екі жолақ арасымен) қосалқы қадаммен жүруді; кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша"жүгіруді; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтардан секіруді жетілдіру. Жігерлі, шыдамды, зерек болуға баулу.

	«Қармақ» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруді, бұлшық ет жүйесін, дербес қимыл белсенділігін жетілдіру. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен айналысуға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Қауіпсіздікті қадағалау. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. «Лақтырып қағып ал» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдысын жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке баулу.	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды тереңдікке секіру жаттығуларын орындауға, қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіріп (арақашықтықтығы 40 сантиметр), тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; аяқ бұлшықеттерін, вестибулярлық аппаратты, күш пен төзімділікті дамыту. Ойын соңында балалар жаттығулардың қаншалықты дәл орындалғанын, жеңістің әділ болған-болмағанын талқылап, талдау жасай алады. Өз бетімен ойындар. Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету.	жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдысын жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін бағытта домалату дағдыларын жетілдіру.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері: математикалық жаттығу. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін бекіту.	«Жапалақ» қимыл-қозғалыс ойыны (ересек балаларға) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, жан-жаққа шашырап жүгіре білуді, белгі бойынша қозғалу, тоқтай білу (сондай-ақ, биіктікке секіріп тоқтау), қозғалмай тұра алу дағдыларын дамыту; кеңістікте бағдарлай білуге, шыдамдылыққа баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: допты бір-біріне төменнен лақтыру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды	«Тыныс алуды реттеу» дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер.	"Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді	**Вариативтік компонен** «Допты мәреге домалатып апар, жылдам лақтыр» қимылды ойыны.	«Қимылым нені білдіреді?» дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-

ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдай білуді, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білуді дамыту. Ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Бояғанда, суреттің шетінен шықпауды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу.	Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; тыныс алу жүйесін нығайту, байсалдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Педагог жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан кейін жиі немесе сирек (терең тыныс алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығу барысында балаларға таныс санамақ, тақпақ немесе әнді айтқызуға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Қандай? Не істейді?" ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде синонимдер қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Көктем қандай? Не істейді? – Көктем әсем, көктем ажарлы, көктем жылы, көктем көрікті, т.б. – Көктем жылытады, көктем көркейтеді, көктем жаңғыртады, т.б. "Үш орындық" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырыңдар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады.	көркем шығармалар мен фольклорға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу. Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару. "Жаман - жақсы" дидактикалық ойыны. (танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Ой өрісін кеңейту, тіл мәдениетін жетілдіру. Болашаққа сенімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын жетілдіру. Қимыл ептілігі мен жылдамдығын дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнату. Мәре сызығынан 5-7 м жерде қатар сызық сызылады. Бірінші ойыншы белгі бойынша допты сызыққа дейін домалатып апарады. Допты сызыққа тигізіп, қолына қайта алып, екінші ойыншыға кеуде алдынан лақтырады, өзі саптың артына барып тұрады. Ойын осылай жалғасады. Шығармашылық жұмыс. «Туған жерімізді гүлдендірейік». (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру. Балалар ағаштар, талшыбықтар, гүлдер, шөптер. т.б суреттерін салып, қиып алып ватманға жапсырады. "Бір сөздің көп мағынасы" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. Сысалы. – Бас – адамның басы; сөздің басы; айды басы; істің басы. – Зор – денесі зор; ойы зор; денсаулығы зор; жатқан жері зор. – Бай – мүлкі көп; бай, ойы терең, бай; жері құнарлы, бай; тілі жақсы сөздерге бай.	әрекеті) Мақсат-міндеттер. диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Қоршаған әлемнің заттары, құбылыстары жайында ұғымдарын тиянақтау. Балалардың ойлау, елестету, қиял қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Ойын шарты. Жүргізуші ойынды әртүрлі нұсқамен ойната алады. 1-нұсқа. Педагог балаларға жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарларды, құбылысты көрсетеді.
Балалармен жеке жұмыс	Санамақты жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. «Бес саусақ». Оң қолымда бес саусақ,	"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қағаздан құрастыру жаттығулары. Оригами (шығармашылық іс-әрекет)	«Төрт жақты лото». (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады.	«Мысық» артикуляциялық жаттығу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Орындалу әдісі: күлімсіреу, үстіңгі және	Тыныс алу жаттығулары (мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату). (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту. Терең тыныстап демаламыз (ауаны ішке

	Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Мақсат-міндеттері. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Балалардың қалаулары бойынша, тадалған бейненің сызбасына қарап, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.	«Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	астыңғы тістердің арасын қосып, тілдің ұшын алдымен үстіңгі тістерге, содан кейін төменгі тістерге тигізу. 3-4 рет қайталанады. "Қандай? Не істейді?" ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	тартамыз, сыртқа шығарамыз). Терең тыныс алу, (ф) дыбысын айту. Терең тыныс алу, ауаны мұрыннан шығару. Терең тыныс алу, ма-мо-му-ми буынын айту. «Қарды ұшыру» - мұрынмен терең тыныс алып, қолғаптағы қарды ұшыру.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. “Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен… Сурет салудан ойын-жаттығулар "Атқа мінген шабандоз" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік». Ұлттық ойын "Бес тас" (таным іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (еңбек, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Шамасы келетін еңбек (кітаптарды қалпына келтіру) әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Айналадағы заттар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. Қасым Аманжолов «Балалар — біздің болашақ». Балалар — біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ! Болашаққа иеміз. Көтеріп жас сәбиді, «Күлші, бөпе, күл!» — дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз. "Жаман - жақсы" дидактикалық ойыны. (танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Ой өрісін кеңейту, тіл мәдениетін жетілдіру. Болашаққа	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. «Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мемлекеттік мереке, Қазақстан халқының бірлігі мерекесінің маңыздылығын түсінуге ықпал ету. Сюжеттік суреттерді сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға баулу. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». "Менің қайда және кім болып жұмыс	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. Үстел үсті ойыны "Лото". (Геометриялық пішіндер) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. Балалардың зейінін дамыту. Байқампаздыққа баулу. Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Балалардың қалаулары бойынша. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Мүсіндеу техникаларын бекіту жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже,	

	құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен шығармашылық танытуді қолдау.	сенімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.	істейтінімді тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.	диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау); аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2 - отырып, құрсауды алдына шығару; 3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1 - құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әкелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Отан қоршағаушылар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: бейбітшілік, отан қорғаушылар жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу "Күй күмбірі": Ақсақ құлан" - Кетбұға (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Тақырыбы: «Адалдық – маңызды қасиет». Мақсаты: балалар адалдықтың маңыздылығын түсінуін дамыту. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Адамның жақсы жақтарын көре білуге	«Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің	Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу.	Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,	

	тәрбиелеу. Ойлау, еске сақтау, зейін, сөйлеуді дамыту. Ойын шарты. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады. Басқа балалар осы баланың қандай қасиеттері өздеріне ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді. Педагог осы баланың жақсы қасиеттерінің бірі туралы әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.	нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады.	Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Қ. Мырза Әли «Не үшін?» - Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! - Жүрек деген не үшін керек? - Жауларымнан қыңбау үшін! - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!	әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас»". Мақсат-міндеттер: әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Сауат ашу негіздері Ц, Щ, Ч дыбыстары Өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Дене тәрбиесі "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыруды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Әсемдік әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру.	Көркем әдебиет "Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» мысалымен танысу (И.А. Крыловтан аударма)" Мақсат-міндеттер. Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» атты мысалымен таныстыру; кейбір сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; лексикалық жаңа құрылымдарды құрауға машықтандыру; мысалдарда айқындалған мақтаншақтық пен ақылсыздық туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге шығармашыл болуға, өтірік пен шындықты ажыратуға, өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу. Математика негіздері "Жалаушаларды ретімен қоямыз (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы заттардың шама қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Заттарды салмағына қарай көз мөлшерімен салыстыра білуге үйрету; өз болжамдарын таразымен тексеру; сандық қатарды, реттік сануды, уақытты, аптаның жеті күнін бағдарлау; белгілі бір бағытта қозғала отырып, кеңістікті бағдарлау біліктерін жетілдіру; «қай?», «қайсы?» сұрақтарына жауап бере отырып, қарапайым мысалдар мен есептерді шешу дағдыларын бекіту. Музыка "Гүл көбелек" Мақсат-міндеттер. Классикалық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.	Сауат ашу негіздері "ь,ъ әрпімен таныстыру". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ъ белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ъ белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Математика негіздері "Мереке қарсаңында" Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау. Дене тәрбиесі "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыруды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Қазақ тілі "[Ю] дыбысы ". Мақсат-міндеттер: [Ю] дыбысын таныту; оның қосарланған дыбыс екенін ұғындыру; [Ю] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту.	Көркем әдебиет "Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» мысалымен танысу (И.А. Крыловтан аударма)" Мақсат-міндеттер. Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» атты мысалымен таныстыру; кейбір сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; лексикалық жаңа құрылымдарды құрауға машықтандыру; мысалдарда айқындалған мақтаншақтық пен ақылсыздық туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге шығармашыл болуға, өтірік пен шындықты ажыратуға, өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу. Музыка "Көңілді көктем әндері" Мақсат-міндеттер. Классикалық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерту жаттығуларын жетілдіру; қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауды жетілдіру.	

		Лирикалық, баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерту жаттығуларын жетілдіру; қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. Музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін дамыту. Дене тәрбиесі "Кім зерек?" Мақсат-міндеттер: балаларды үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өтуге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу.		Сурет салу "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық" Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. Қазақ тілі "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?". Мақсат-міндеттері. Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету.	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тірі және өлі табиғат, көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстар жайындағы түсініктерді тиянақтау. Табиғат құбылыстарының өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін күн сәулесінің маңызы, туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Мақсұт Неталиев "Көктем" Жан-жағы жасыл ұйық, Ақ бұлақ жүгіреді.	Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (тастар). Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттардың (тастардың) өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. - Ауламызда қандай тастар бар? - Адам тастарды қайда пайдаланады? Серікбай Оспанов "Тас та басып, табаны құм да басып...". Тас та басып, табаны құм да басып, Жолдар зулап барады қырдан асып. Арасына тығылып бұталардың, Бірде тауып,	«Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді тиянақтау: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, қарағайдың ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; қарағайды тірі табиғат түрі көріп, оның жыл бойы қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын байқату. Қарағайдың адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту; экологиялық білім негіздерін қалау. Мүбәрәк Жаманбалинов "Қарағай"	Құстардың дыбыстардын тыңдау, бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктер, жәндіктер); үн қатады; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді, ұя салады, балапан басады. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог үндемей тұрып, құстардың	

	Аққайың басын иіп, Қойнауға үңіледі. Бұлақтан құйылып ән Тыңдайды үнсіз алап. Алатау иығынан - Қарайды күн сығалап. Сәуірдің ақ таңында Таудың да тасы жібіп, Шымбұлақ шатқалында Бұлт жатыр жасырынып. Жел қағып сүртінеді, Қарағай қауырсынын. Шыршалар сілкінеді, Ақ тонын ауырсынып. Сәуірсіз сән бе, тегі Өңірге өмір келіп, - Бұлбұлдар әндетеді, Таңата көңілденіп. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Сұңқар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын ережелерін сайқтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. «Қармақ» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруді, бұлшық ет жүйесін, дербес қимыл белсенділігін жетілдіру. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен айналысуға баулу. Зерекетікке, шапшаңдыққа баулу. Қауіпсіздікті қадағалау. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Арқан	Қаламыз бірде адасып. Балаларға тастардың адамға пайдасы жайында баяндау. Адамның асыл тастарға қызығатынын айту. Зерттеу жаттығулары. Тастардың күн көзінде, ыстықта қызатынын, суықта, көлеңкеде суыйтынын тексерту. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру. (еңбек, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Түйілген орамал» қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алуды, жылдамдықты, шапшаңдықты, икемділікті арттыру, ойын шартын сақтауға үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасын нығайту. «Кедергілерді жеңгіштер» қимылды ойын-эстафетасы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Шектелген жазықтықтың үстімен (екі жолақ арасымен) қосалқы қадаммен жүруді; кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша"жүгіруді; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтардан секіруді жетілдіру. Жігерлі, шыдамды, зерек болуға баулу. "Дәл тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыра білуді жетілдіру. Ептілікті, нақтылықты, дәлдікті, көз мөлшерін дамыту, өзіне деген сенімділікті арттыру. Қауіпсіздікті қадағалау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Жаз жасылға оранған Қыс та ән қосқан дауылға Бір қарағай орманнан Әкелінді ауылға. Тақтай етіп тілді де, Жонды ұста сүргілеп. Төрімде енді тұр міне Шкаф болып сырлы көк Достарынан бақытты, Өкіліндей орманның. Құшағына алыпты Көсемдердің томдарын. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың жалтарып жүгіре білу қабілетін жетілдіру, шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу, дене белсенділігін арттыру. Ойын шартын, жетекші рөлді саналы орындауға, әділ болуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен түн" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. "Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыра білуді жетілдіру. Зеректіке, шапшаңдыққа, дәлдікке,	дыбыстарын тыңдауды ұсынады. Дыбыстары ажыратылған құстар аталады. Табылған құстарға сипаттама беріледі. Торғай – шырылдайды, шиқылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Көгершін, үкі – үілдейді. Бозторғай – шырылдайды. Бұлбұл – сайрайды. Көкек – көкектейді. Қарлығаш – шықылықтайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құстарға, табиғаттағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. Ұлттық ойын – ұлт қазынасы». «Айгөлек» қазақтың ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Жапалақ» қимыл-қозғалыс ойыны (ересек балаларға) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.	

	тартыс" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Физикалық қасиеттерді: күшті, шымырлықты, шыдамдылықты - жетілдіру. Еркін спорттық ойындар. Бадминтон. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.	Еркін спорттық ойындар. Бадминтон. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.	ептілікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. Еркін спорттық ойындар. Футбол. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.	Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, жан-жаққа шашырап жүгіре білуді, белгі бойынша қозғалу, тоқтай білу (сондай-ақ, биіктікке секіріп тоқтау), қозғалмай тұра алу дағдыларын дамыту; кеңістікте бағдарлай білуге, шыдамдылыққа баулу.	
Серуеннен оралу	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". (қарым-қатынас, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауды бекіту. Қоршаған әлем жайындағы ұғымдарды бекіту. Балалардың ойлау,	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Адам өмірі үшін күн, ай сәулесінің маңызын түсіну. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Тәулік бөліктерінің ауысуын анықтау.	«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу. Шарты. Педагог қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына	**Вариативтік компонент** «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.	

әрекеті, кітап қарау және басқалары)	елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Киелі шаңырақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаз бөліктерін жұмсартып, есу арқылы дөңгелек пішінге келтіріп шаңырақты мүсіндеуге үйрету. "Қонақ күту" рөлдік ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастарқан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар. Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады. Ойын нұсқаларының бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ыңғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты әңгімеге тартады, оларға жылы шыраймен қарайды: «Ішіңіз, жеңіз», «Мына пирогты жеп көріңіз», «Шай немесе шырын тағы алғыңыз келе ме?». Ойынның соңында педагог үй иелері немесе қонақтар жіберген барлық қателіктерді ұжымдық түрде талқылауы керек.	Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. “Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен… «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдар, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Қорытынды ретінде педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасып, жоспар бойынша жұмыс істеуі керектігі; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі айтылады.	шығады. Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне қысқа таяқшалар ілінген. Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шетінен, екі баладан ұстап күнмен бірге айналады. Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды. Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады. Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады. "Қандай? Не істейді?" ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде синонимдер қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Көктем қандай? Не істейді? – Көктем әсем, көктем ажарлы, көктем жылы, көктем көрікті, т.б. – Көктем жылытады, көктем көркейтеді, көктем жаңғыртады, т.б. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдай білуді, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білуді дамыту. Ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.	Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыруды жалғастыру (су). Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Үнемділікке тәрбиелеу. "Үш орындық" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Үш орындық ойынның кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырындар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Санамақ айту. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, есте сақтауға баулу.	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Достық". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес	Жаңылтпаштар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне, жаңылтпаш айту өнеріне баулу. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауабын тапқан баланың өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған	Тақпақтар мәнерлеп оқу, жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Балаларды қол жетімді көркем шығармала әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп,	

	Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). "Қандай? Не істейді?" ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде синонимдер қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Көктем қандай? Не істейді? – Көктем әсем, көктем ажарлы, көктем жылы, көктем көрікті, т.б. – Көктем жылытады, көктем көркейтеді, көктем жаңғыртады, т.б.	2. Омар томар алар, Орал орақ орар. 3. Қырда қырау, Қызыл ала бұзау. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Бояғанда, суреттің шетінен шықпауды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу.	жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. "Жаман - жақсы" дидактикалық ойыны. (танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.	Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз. Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. Үстел үсті ойыны "Лото". (Геометриялық пішіндер) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. Балалардың зейінін дамыту. Байқампаздыққа баулу.	
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	«Қауіпсіздік». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, түсіне білуді бекіту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуді жетілдіру. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы жүзімен, Күн сайын ол қоштасады құзымен. Түн кезегін күманданбай береді, Таң атқанша жауап сұрап келеді: – Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді? Жарығың боп мен бастайын күніңді. (Д.	Ағынды су немесе шалшықтағы суды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары (су) туралы білімдерін тиянақтау. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқату, түсіндіру. Судың жиынтық күйі туралы түсінік қалыптастыру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Судың табиғатқа, өсімдіктер мен жан-жануарға, адамға деген пайдасы және зияны жайында талқылау. Бүбішхан Тікебаева "Көктем" Анашымның күлкісіндей – шуақты, Көктем келді, сылдырлатып бұлақты. Құстар ән сап,шағалалар шарықтап, Бәйшешектер басып кет-ті қырат-ты.	«Қауіпсіздік». Арнайы көліктер. Жедел жәрдем каретасын (көлігін) бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: арнайы көлік құралдарының түрлерін (жедел жәрдем каретасын) ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (және жедел жәрдем дәрігері, мейірбикесі) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жол қауіпсіздігі ережелерін бекіту; сөздік қорды молайту. Арнайы көлік түрлерін қайталау: «жедел жәрдем», өрт сөндіру, көше тазалайтын су себетін, полиция машиналары. Арнайы көліктерде көк түсті шам жанып, кейбірінде қосымша сирена қосылып тұрады. Осы арнайы көлік жолда барынша жылдам жүру керек. Қанипа Бұғыбаева "Жедел жәрдем"	Гүлдеген ағашты (бұтаны) бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарын тиянақтау. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтарының өсуі, гүлденуі; күн шыққанда және кешке жабылуы); өсімдіктердің жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Көктемнің жүзі тамаша: Гүлденуде бау-бақша. Жамылғандай ақ көрпе, Сәнденіп тұр алма ағашы. (Д. Ахметова)	

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. «Менің Қазақстаным»: Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда әннің сөздерін анық айту, орташа (қатты) дауыспен ән айту. Дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару. «Электр қуаты» тақырыбындағы тәжірибелер циклі «Найзағайды қалай көруге болады?» (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Мен және менің қауіпсіздігім" ой түзеу сәті. Мобильді құрылғы. Балалардың мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу туралы ақпараттарды тиянақтау; күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану маңызды екендігіне қарапайым өмірдегі мысалдар арқылы көз жеткізу; көз пікірін білдіруге үйрету; өз қауіпсіздігі үшін алғашқы жауапкешіліктерді түсінуге	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (еңбек, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Шамасы келетін еңбек (кітаптарды қалпына келтіру) әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Айналадағы заттар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. «Мақсатшылдық – іскерлік». "Үйренгім келді – жасадым" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, өзінің іс-әрекетіне қатысты басқалардың	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Үлестірмелі материалдар мен жабдықтарды ұқыпты тарата білуді бекіту. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге тиянақтылықпен жетуге, үлкендерді сыйлауға, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою

	оның маңыздылығын түсінуге жағдайлар жасау. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Тіл ұстарту. жаттығуы "Кім не істейді?" (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. «Жыл мезгілдері». Лото ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне тән табиғат құбылыстарына тән, сипаттамалық белгілерін ажыратып, атай отырып, ойын шарттарын сақтауға дағдыландыру; есте сақтау, ойлау қабілеттерін, достық қарым-қатынастарды жетілдіру.	Мақсат-міндеттер: найзағайдың табиғаттағы электр қуатының көрінісі екенін анықтау. Материал: жүн матаның бөліктері, шар, рупор (дауыс күшейткіш құрал). Тәжірибе жүргізу. Балалар бүктелген матаның бөліктерін шарға (немесе пластикалық затқа) үйкелейді. Оларға рупорды жақындатады (дыбысты күшейту үшін) және бүктелген матаның қабатын ақырын ашады. Олар үйкеліс кезінде матамен не болғанын анықтайды (ол электрлендіріледі), жарықшақ пайда болды – электр қуатының көрінісі). BilimKids "Tig tag Junior" Найзағай https://bilimkids.kz/media/video/naizagai «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік». Ұлттық ойын "Бес тас". (таным іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен шығармашылық танытуді қолдау. Санау дағдыларын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау.	көмектесу. Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". (қарым-қатынас, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауды бекіту. Қоршаған әлем жайындағы ұғымдарды бекіту. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары. Қазақ халқының тұрмыстық заттары. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарымен (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу; жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.	пікірін дұрыс қабылдауға; бастаған ісін аяғына жеткізуге, өз ісіне адал болуға, оны бағалай білуге тәрбиелеу. Саусақ айту жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ". (қарым-қатынас, таным іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту. Артикуляцияны, санау қабілеттерін жетілдіру. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің. «Өрнекті жина» ойыны. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.	немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-әрекет) Міндеттер: балаларды шар тәрізді нысандардың қасиеттерін зерттеуге шақыру, шариктердің түсі, пішіні, мөлшері мен салмағы туралы әсерлері және ойларын айтуға итермелеу; көрнекі, тактильді сезімдерді, заттардың салмағының айырмашылығын сезіну қабілеттерін дамыту; практикалық тәжірибелер арқылы сұрақтарға жауап табуды үйрету, логикалық тізбектер құруға ұмтылысты ояту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Қағаздан құрастыру жаттығулары. Оригами (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Балалардың қалаулары бойынша, тадалған бейненің сызбасына қарап, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.				

	7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының тақырыпына әшекейлеу. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жәндіктер" тақырыбына әшекейлеу, суреттер көрмесін әзірлеу. Балалар кітапханасы: жәндіктер жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді, ертегілерді оқу. "Күй күмбірі": "Ақ жауын" - Секен Тұрысбеков https://www.youtube.com/watch?v=hLm9gmedjoM (№1); https://kitap.kz/music/2/seken-turysbekting-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Тақырыбы: «Басқаларға не үшін көмектесу керек?» Мақсаты: балалардың басқаларға көмектесуге ынтасын тәрбиелеу. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Шаттық шеңбері Ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Саусақ айту жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ". (қарым-қатынас, таным іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту. Артикуляцияны, санау қабілеттерін жетілдіру. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің.	Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін кеңейту.	«Адамның көктемдегі еңбегі» тақырыбына суреттерді қарастыру, әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды дамыту. Еңбектің мазмұнын, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге және бағалауға ынталандыру.	"Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер. Балаларға «Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгіліне тән табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.	Көркем әдебиет "Танаш Дәуренбековтың «Көжек» әңгімесін оқу" Мақсат-міндеттер. Балаларды Танаш Дәуренбековтың «Көжек» әңгімесімен таныстыру; балаларға түбір сөздер мен туынды сөздердің мағыналық байланысын көрсету; өз ойларын еркін жеткізуге баулу; ойларын дәлелдеу білігін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу	Сауат ашу негіздері "Қазақ халқының есімдері". Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының есімдерінің мағыналарын түсіндіру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінікті жетілдіру; сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау;	Көркем әдебиет "Нұрлан Оразалиннің «Кемпірқосақ» атты өлеңін жаттау" Мақсат-міндеттер. Балаларға Нұрлан Оразалиннің «Кемпірқосақ» өлеңін тыңдатып, оны еске сақтауды үйрету; өлеңді мәнерлеп оқу құралдарымен таныстыру; өлең шумақтарын мәнерлеп оқуға дағдыландыру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін	Сауат ашу негіздері "Қазақ жерінің жер-су атаулары". Мақсат-міндеттер. Қазақ жерінің кейбір жер-су атауларымен таныстырып, мағыналарын түсіндіру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінікті жетілдіру; сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және

	Табиғатты аялауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Сауат ашу Дыбыстар. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау. Мақсат-міндеттер. Сөздердің дыбыстық құрылымы жайында пысықтау; сөздің мағынасына қызығушылық дамыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Дене тәрбиесі "Құрсаумен жаттығулар" Мақсат-міндеттер. Балаларды бір орыннан ұзындыққа секіру; түзу бағытта шоқырақтап жүруге үйрету; балаларда көтеріңкі заттың үстімен жүру; сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелеңдеп жүгіру дағдыларын дамыту; бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қашқар гүлінің орнын ауыстыру" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылауға және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуға үйрету. Балаларға қашқаргүл гүлін егу, күтіп-өсіру амалдарын көрсету; гүлдің орнын ауыстыру, гүлзарға өз қолымен отырғызуды үйрету; істеген істерін, әрекеттерін мақтап, бойында мақтан тұтар сезім қалыптастыру; жауапкершілігін арттыру, табиғатпен етене жақын екенін білдіріп, жанашыр болу керегін түсіндіру.	тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; жауарларға аяушылықпен қарауға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау. Математика негіздері "Жиыны қанша?" Мақсат-міндеттер.Балалардың уақытты бағдарлау, сандарды санау, салыстыру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланысты құрау біліктерін жетілдіру. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. 0 ден 9 дейінгі цифрларды қайталау; жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, цифр мен заттардың есептік санының байланысын анықтау білігін бекіту, геометриялық пішіндер мен түстерді ажырату. Музыка "Жау, жау, жаңбыр" Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Әнді айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке (ақ жауын туралы) ән айту дағдыларын дамыту. Таныс би ("Қамажай") қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын орындауға баулу; аяқты өкшемен және ұшына қою, музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауды, шығармашылықты дамыту. Дене тәрбиесі "Құрсаумен жаттығуларды пысықтау" Мақсат-міндеттер. Балаларды бір орыннан ұзындыққа секіру; түзу бағытта шоқырақтап жүруге үйрету; балаларда көтеріңкі заттың үстімен жүру; сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелеңдеп жүгіру дағдыларын дамыту. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Дененің физикалық сапаларын:	берілген сөзге, сурет бойынша сөйлем құрастыру; коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Математика негіздері "Жиыны қанша?" (Бекіту) Мақсат-міндеттері. Балалардың уақытты бағдарлау, сандарды санау, салыстыру, геометриялық пішіндерді анықтау біліктерін жетілдіру. Қағаз парағын бағдарлай білуді, кеңістікте бағдарлауды жетілдіру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, цифр мен заттардың есептік санының байланысын анықтау білігін бекіту; геометриялық фигуралар мен денелердің қасиеттерін анықтау және салыстыру, пішіннің бір формасында (бүтін жиында) өзге пішіндерді (бөліктерді) байқауға баулу; тұтасты тең және тең емес бөліктерге бөлуді бекіту. Дене тәрбиесі "Құрсаумен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Қазақ тілі "Көктемгі егістік. "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы көктемгі егістік туралы түсініктерін кеңейту; «Құмырсқа» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, «дос», «достық» сөздерінің мағынасын тиянақтау; етістіктерді нақты айтуға жаттықтыру, артикуляцияны дамыту; көрнекілік суреттерді түсінуге	жетілдіру; жаман мен жақсыны ажыратып, табиғаттың адамға әсері жөніндегі өз ойларымен ашық айтуды үйрету; ойлау қабілетін, қиялын жетілдіру; табиғатты аялауға, байқампаздыққа тәрбиелеу. Музыка "Біз мектепке барамыз" Мақсат-міндеттер. Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Жапсыру "Алтын балық" Мақсат-міндеттері. Балаларды көгілдір түсті қағазды ұзыннан жырту арқылы қағаз бетіне көлденең жапсырып, оны теңіз деп қабылдап, "Алтын балық" ертегісіндегі алтын балықты қағаздан денесін сопақша етіп кесіп алу, жүзбеқанаттары мен құйрығын қағазды бірнеше қайтара бүктеу арқылы қағаздан жасалған теңіздің үстіне жапсыруға үйрету; қайшыны қолдануды бекіту; танымдық қабілеттерін дамыту; өз еріктерімен қайшымен дұрыс жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. Қазақ тілі "Дыбыстар мен сөздердің сырын ашайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қазақ тілінің дыбыстары және буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау; дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін	дауыссыз дыбыстарды анықтау; сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау; берілген сөзге, сурет бойынша сөйлем құрастыру; коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Бөлме өсімдіктері" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуға баулу. Балалардың ұғымындағы өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; бөлме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыру, күн мен ауаның өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсінуге көмектесу. Практикалық дағдыларын дамыту; бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбеккорлыққа баулу, гүлдердің сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу. Математика негіздері "Жазғы қызықтар" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сан мен санау, цифрлар, санның жиын құрамы туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың цифрды заттың санымен сәйкестендіру, жылдам санау; қарапайым мысалдар мен есептерді шығару біліктерін бекіту; 0 ден 9 дейінгі цифрларды қайталау; жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату қабілеттерін жетілдіру. 10 көлеміндегі сандарды тура және

		күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу.	негізделген жауаптар құруға жаттығу; қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін пантомиманың көмегімен жеткізе отырып, қарлығаш туралы ертегінің мәнін түсінуге жағдай жасау; көрнекі-бейнелі ойлау және есту зейінін, еске сақтауды, ойлауды дамыту; адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	пысықтау; фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға дағдыландыру; сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту, қазақ тіліне қызығушылықты арттыру; ұқыптылыққа, әдептілікке, ұйымшылдыққа, адамгершілікке баулу.	кері санауға, 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға жаттықтыру; циферблат бойынша уақытты анықтауды жетілдіру. Тіл дамыту "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру. Сөздік қорды белсендіру. Тілдің грамматикалық құрылымын бекіту. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	Кемпірқосақты бақылау. ((қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кемпірқосақтың пайда болу құбылысын түсіндіру, түстері туралы айту; кемпірқосақ жайлы білімдерін толықтыру. Тапсырма. Асфальтқа түрлі-түсті бормен кемпірқосақ салу. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.	Жолжелкенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Дәрілік өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру барысында танымдық белсенділікті дамытуды жалғастыру. Зерттеу. Жолжелкен жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарастырып, олардың ерекше белгілерін атап өту. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру. (еңбек, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. "Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.	Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. Зерттеу. Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек	Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған	Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және

	"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай, бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Д. Ахметова "Әткеншек". Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. "Құрсаудан өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) «Экологиялық тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым тапсырмалар: гербарий жасау. (зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. Өсімдіктерге аллергиясы бар балаларды ескеру, басқа тапсырманы беру. Еркін спорттық ойындар. Футбол. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Допты заттарды айналдыра жүргізу.	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойынның ережелеріне сай ойнауды, жетекші бола білуді жетілдіру. Кеңістікті бағдарлай білуге, жалтарып, жылдам жүгіре білуге баулу. Физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті) жетілдіру. "Қазынаны тап" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту. "Допты түсіріп алма" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Баскетбол элементтерін меңгерту. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. Еркін спорттық ойындар. Бадминтон. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.	құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерін бекіту. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Дәл тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыра білуді жетілдіру. Ептілікті, нақтылықты, дәлдікті, көз мөлшерін дамыту, өзіне деген сенімділікті арттыру. Қауіпсіздікті қадағалау. "Айналып секір" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Тұрған орнында айналып секіру. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. Еркін спорттық ойындар. Футбол. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Допты заттарды айналдыра жүргізу.	ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерін бекіту. "Біз көңілді балалармыз" қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ережені орындай білуді, физикалық қасиеттерді жетілдіру. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Кедергілерден өту эстафетасы -1. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Физикалық қасиеттерді, негізгі қимылдар түрлерін жетілдіру. 1. Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру. 2. Арқан (сызық) бойымен, тепе-теңдікті сақтап, бір қырымен жүру. 3. Заттардың, кегльдердің арасымен жүгіру. Негізгі шарты: екі (үш) команда ойыншылары сигнал бойынша ойынды бастайды. Негізгі қимылдар 8 м арақашықтықта тұрған бағанға дейін орындалады, мәреге кері қайту жай жүгірумен өтеді. Кері қайтқан ойыншы сапта тұрған келесі ойыншыға алақан қағып кезегін өткізеді.	құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Қияр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп, таңдалған бағытта шеңбер бойымен жүре бастап, бір адамдай белгі бойынша біртіндеп жүгіруге дағдыландыру. Ептілікке, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын алдында қауіпсіздік ережелерін бекіту. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова) "Көпір үстіндегі кедергілер" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру. Еркін спорттық ойындар. Футбол. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Допты заттарды айналдыра жүргізу.

Серуеннен оралу	(мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Гауһар тастар» ертегісін тыңдату.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салудан ойын-жаттығулар "Жұпаргүл бұтағы". Мақсат-міндеттер. Балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету; ақ пен көк-сия түстерін араластыру нәтижесінде ақшыл күлгін түсті жасап, суретте пайдалану білігін қалыптастыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдарды тиянақтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, эстетикалық талғам қабілетін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.	"Бір сөздің көп мағынасы" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. Сысалы. – Бас – адамның басы; сөздің басы; айды басы; істің басы. – Зор – денесі зор; ойы зор; денсаулығы зор; жатқан жері зор. – Бай – мүлкі көп; бай, ойы терең, бай; жері құнарлы, бай; тілі жақсы сөздерге бай. Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды	Дайын бейне пішініне қазақ ою-өрнектерін салу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Қазақ ою-өрнектерінің түрлерін ("түйетабан", "құсқанаты", "құстұмсық", "жапырақ", "жауқазын", "жетігүл", "жұлдызгүл"), өзіне тән элементтерді пайдалануға мүмкіндік бері. Парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. "Сақина" аз қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын ережелерін орындауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына	Вариативтік компонент Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады. Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар)

	Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяққиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының мжасанды үлгілері. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамды орын, ол жерде әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.	құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында"рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындардағы тәртіпке бағыну.	жасырынатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырын салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.	автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Шегіргүл - бөлме өсімдігі" (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды гофрленген қағаздың түрінен шегіргүл гүлін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.	қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару. Үстел үсті ойыны "Лото". (Геометриялық пішіндер) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. Балалардың зейінін дамыту. Байқампаздыққа баулу.
